



Автор: Мейрманова Нагима Битимбаевна

Пән: Әдебиеттік оқу

Сынып: 3-сынып

Бөлім: Жанды табиғат

Тақырып: Оқуға шақыру

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	2.2 Шығарма мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру.
Сабақтың мақсаты:	3.2.2.1 – қолдануға (практикалық), бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру.
Күтілетін нәтиже:	Барлық оқушылар: мәтіннің тақырыбын анықтай алады, негізгі ойды табады. Көптеген оқушылар: шығармашылыққа негізделген сұрақтар қояды. Кейбір оқушылар: берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.
Құндылықтарды дарыту:	Оқуға, білімге деген қызығушылығын арттырып, еңбекке баулу. Жеке және топта жұмыс жасай алу, ынтымақтастық.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта
Пәнаралық байланыс:	Дүниетану. Қазақ тілі
Бастапқы білім:	Екінші сыныпта өтілген тақырыптар

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Қызығушылықты ояту. Сыныпты қалыпқа келтіру. Ойсергек. Мұғалім оқушыларды шеңберге тұрғызып, бәріне естілетіндей баяу дауыспен мәнерлеп, төрт жолды өлең оқиды. Күн нұрын төгіп көгімнен, Іргесі мұздың сөгілген. Құйқылжып құстар ән салып, Мың түрлі әуен төгілген. «Мына менің қолымдағы Күнді сабағыңды жақсы оқуға шақырамын деген тілекпен Дарынға беремін» деп оң жағында тұрған оқушыға береді. Күнді алған оқушы өз тілегін айтып, қасындағы оқушыға береді. Шеңбер бойымен жалғасады. Топқа бөлу. «Оқу», «Даналық», «Іздену»	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>Ойқозғау. – Топқа қандай сөздер арқылы бөліндік? – – Оқуға қандай қатысы бар деп ойлайсыңдар? – – Ендеше, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы қандай екен? – – Оқу бізге не үшін керек? – – Сабағымыздың мақсаты не болмақ? – Сабақтың тақырыбын айту. Бағалау критерийімен таныстыру. Бүгінгі сабағымыздың мақсаты – шығарма мазмұны бойынша қолдануға, бағалауға және шығармашылыққа негізделген сұрақтар қою және жауап беру. Бағалау критерийі</p> <p style="text-align: right;">Ахмет Байтұрсынұлы (1872–1937)</p> <p>қазіргі Қостанай облысы Жангелдин ауданы Сарытүбек ауылында туған. Қазақтың ғұлама ғалымы, дарынды ақыны. «Әдебиет танытқыш», «Қырық мысал», «Тіл – құрал» атты еңбектері бар. «Қазақ әліппесі» мен «Қазақ тілі» оқулықтарын жазған. Жұптық жұмыс. 4-тапсырма. Сұрақтарды жалғастыр. 1) А. Байтұрсынұлы кім? 2) ...? 3) ...? Ахмет Байтұрсынұлы Топтық жұмыс. 5-тапсырма. Әр топтың атына сәйкес өлең шумақтары оқып, тапсырманы орындайды. Өлеңді шумақтарға бөліп оқыту. Тірексөздердің көмегімен әр шумаққа тақырып қой. Оқулықта бұл сөздер қаратүспен берілген. Оқу Жұмыссыз Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық Сергіту сәті. «333 жаттығуы» 3 минутта сабаққа қатысты 3 сөз, 3 сөйлем айту. Қалыптастырушы бағалау (ҚБ) ретінде орындатуға болады. Топтық жұмыс. 1-тапсырма. Әр топ берілген сөздерден бастала- тын сұрақтар құрастырады. Оқу Іздену Үйрену Даналық А3 қағазы, балық сұлбасы «2 жұлдыз, 1 тілек» әдісі арқылы бағалау Стикер «Үш шапалақ» арқылы бағалау Үлестірме қағаздар Бағалау парағы</p>	
Сабақтың соңы	<p>Үй тапсырмасы. Оқу-білімге байланысты мақал-мәтелдер жаттау. Мұғалім оқушыларға сабаққа қатысулары, тапсырманы орындауы, түсінуі жайлы және нені жетілдіру керек, неге көңіл бөлу керектігі туралы кері байланыс береді.</p>	
Рефлексия	<p>Рефлексия. Мен бүгін ... білдім. Мен ... үйрендім. Менің көңіл күйім қазір қандай? Бүгінгі мақсатымызға жеттік пе? Жетсек, қалай жеттік, не істедік?</p>	